

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастыруышылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

**Тасымалдау** – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру. Тасымалдағанда әр буын бөлінбей, я тұтас қалады, я тұтас асырылады. Маселен, жол аяғында «шақырганға» деген сөз тұтас сыймады. Не істемек керек? Сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады: «ша-қыр-ған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады; я «шақыр» деген екі буынын қалдырып, басқаларын асыруға болады; я «шақырган» деген буындарын қалдырып, жалғыз «ға» буынды асыруға да болады. «Шак» деп бөліп, қалғанын асырсақ яки «шақырға» деп бөліп, «нға-ны» асырсак, дұрыс болмайды. Себебі қағида бойынша буын бөлінбеске тиіс. Мұнда буындар бөлініп тұр, яғни, «шак» деп бөлгендеге, «қыр» буын екі бөлініп тұр; «шакырға» деп бөлгендеге «ған» буын екі бөлініп тұр.

**Татжазуы** – таттілінің жазу үлгісі. Оның екі негізгі диалектісі бар: 1) Солтүстіктегі иудаизмді дәріптейтін тат тілінде сөйлейтін тау еврейлері; 2) Оңтүстіктегі мұсылман дінін дәріптеуші таттар. Т.ж. негізінен Солтүстік диалектіге негізделді, сондай-ақ графикалық негізін бірнеше рет өзгертуі және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта тау еврейлерінің жазуы кирилге негізделген, ал мұсылман таттарының жазуы латын графикасына негізделген. Т.ж. тарихында төрт кезең ерекшеленеді: 1) 1870-1928 жылдары – еврей жазуы негізіндегі жазу; 2) 1928-1938 жылдары – латын әліпбіи негізіндегі жазу; 3) 1938 жылдан – кирилнегізіндегі жазу; 4) 1990 жылдардың басынан бастап – Әзербайжанда латын негізінде жоба жасау әрекеттері.

**Татар жазуы** – түркі тілдері қыпшақ тобының волга-қыпшақ тармағына жататын татар тілінің жазуы. 1927 жылға дейін араб жазуын қолданып келді. Татарлардың Ислам дінін қабылдаған X ғасырдан бастап 1920 жылға дейін есکі жазу – «иске имлә» жүйесі қолданылды.

ଠ	ଠ	ବ	ପ	ତ	ଥ	ଜ	ଜ
ହ	ଖ	ଦ	ଢ	ର	ଶ	ତ୍ତ	ସ
ଶ	ଚ	ପ୍ଚ	ଟ୍ଚ	ଝ	ୟ	ଗୁ	ଫ
କ	କ୍ଷ	ଗ	ଙ୍କ	ଲ	ମ	ନ୍ତ	୧
୨	୩	୨ୟ	୨୯				

Татар АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің декреті бойынша 1920 жылы араб жазуының жаңа үлгісі – «Яңа имлә» жүйесі колданылып, ол 1927 жылы латын графикасындағы «яналиф» әліпбіи енгізілгенше қолданыста болды.